



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.09.2024 жыл

№ 1, 6-т.

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссия өкілдерінің құрамында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы өкілдерінің тізіміне өзгерістер енгізу туралы

Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровтың «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия құрамында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы өкілдерінің тізіміне өзгерістер енгізу туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңының 13-бабының 2-1 тармағының талаптарына сәйкес «Өрлеу» білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ және «Ұлағат» білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссияның құрамында өкілдік ету туралы өтініш білдірді. Өтініш білдірген салалық кәсіподақтардың құрамындағы жұмыскерлердің санына қарай Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 149-бабының 2-тармағына сәйкес Салалық комиссиядағы жұмыскерлер өкілдерінің Тараптарына 2 орын бөлу қажет.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия құрамындағы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы өкілдерінің тізімінен келесі адамдар алынып тасталсын (шығарылсын):

- Есқалиева Гүлнар Бабабекқызы – «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағының Қызылорда облыстық ұйымы» ҚБ төрағасы;

- Абдрахманов Бейсенбай Қадырұлы – «Астана қаласы және Ақмола облысының Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының ұйымы» ҚБ төрағасы.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева